

**2021 жылғы 10 желтоқсандағы № 527-ҰБ шарт бойынша
«СЕГМЕНТТЕЛГЕН ЕҢБЕК НАРЫҒЫ: БІЛІКТІЛІКKE СҰРАНЫСТЫҢ
ЦИКЛДІК ИКЕМДІЛІГІ»**

**тақырыбына жасалған зерттеу нәтижелері туралы қорытынды есепке
аннотация**

Зерттеудің мақсаты эмпирикалық талдау негізінде Қазақстанның еңбек нарығының циклділікке бейімділігін зерттеу, Қазақстанның еңбек нарығын біліктілік бойынша сегменттеу қағидаттарын әзірлеу, біліктілік пен экономика секторына байланысты еңбек нарығындағы сұраныстың тауар нарығындағы сұранысқа қатысты циклдік икемділігін сандық бағалау болып табылады. .

Зерттеу міндеттері:

- еңбек нарығының тікелей және жанама көрсеткіштерін пайдалана отырып, біліктілік деңгейіне байланысты іскерлік циклдің жиілігінде жұмысқа орналасу және жалақы қозғалысының үрдістерін анықтау;

- еңбек сұранысы мен ұсынысына әсер ететін негізгі факторларды бөліп көрсету, олардың әсерін сандық бағалау, циклге сәйкес жалақының өзгеру бағытын анықтау.

Зерттеу объектісі Қазақстан Республикасындағы еңбек нарығы болып табылады.

Зерттеудің әдіснамалық, теориялық және эмпирикалық негізіне Қазақстан Республикасының еңбек нарығы туралы қолданыстағы заңнамасы, осы мәселе бойынша отандық және шетелдік ғалымдардың теориялық және қолданбалы зерттеулері, микро деректердің бірегей көздері кіреді.

Қысқаша қорытындылар мен ұсыныстар:

1. Зерттеу шеңберінде Қазақстанның еңбек нарығына, оның негізгі көрсеткіштері мен үрдістеріне жалпы талдау жүргізілді, Қазақстанның еңбек нарығының дамуының негізгі кезеңдері сипатталды. Сондай-ақ пайдаланылған деректерді, оларды алу көздерін, оларды өңдеу әдістерін сипаттау бойынша жұмыстар жүргізілді.

2. Зерттеушілер салалық және біліктілік тұрғыдан жалпы қосылған құн (бұдан әрі – ЖҚК) мен жалдамалы жұмыскерлер саны арасындағы өзара байланысты модельдік бағалауды ұсынды, ол нақты секторда да, қызмет көрсету секторында да біліктілігі төмен жұмыскерлер саны мен ЖҚК НКИ арасындағы теріс байланысты, сондай-ақ біліктілігі орта деңгейдегі жұмыскерлер үшін оң байланыстың болуын көрсетті.

3. Жүргізілген жұмыстың нәтижелері бойынша еңбек нарығының бизнес-цикл кезеңінің өзгеруіне реакциясы тікелей еңбек көлемінен гөрі жалақы деңгейінің өзгеруінен көбірек көрінетіні анықталды. Сонымен қатар, жалпы алғанда Қазақстанда еңбекке сұраныс негізінде төмен икемділікке ие. Сондай-ақ, бизнес-циклге байланысты біліктілігі әртүрлі деңгейдегі мамандардың еңбегіне сұраныстың икемділігі бағаланды. Осылайша, зерттеушілер біліктілігі төмен жұмыскерлерге сұраныс біліктілігі жоғары, ортадан жоғары немесе орта білікті жұмыскерлерге қарағанда айтарлықтай икемді екенін анықтады.

4. Зерттеу барысында алынған нәтижелер еңбек нарығының икемділігін

және экономикалық дамудың әртүрлі сценарийлерінде жұмыспен қамтылу жағдайының қалай қалыптасатынын бағалауға мүмкіндік береді. Осылайша, зерттеудің практикалық нәтижелерін алдағы уақытта бизнес-циклдің кезеңіне байланысты еңбекке сұраныстың күтілетін деңгейін есептеу үшін қолдануға болады.

5. Зерттеу барысында алынған жұмыскерлердің саны мен жалақысы туралы деректер бірегей болып табылады және одан әрі зерттеулер жүргізуге кең мүмкіндік береді. Осыған байланысты, жұмыскердің жынысы, тұратын жері, жасы бойынша комбинациялардағы өзара айқасқан байланыспен еңбекақы деңгейіндегі айырмашылықтар тақырыбында одан әрі зерттеулер жүргізу ұсынылады.

Жетекші орындаушылар туралы ақпарат

1. Жоба жетекшісі – Жанкубаев Бахытбек Аубакирович, э.ғ.к.
2. Жетекші орындаушы – Молчановская Александра Сергеевна, «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ
3. Жетекші орындаушы – Шегенова Ұлпан Қайратқызы, «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ
4. Жетекші орындаушы – Шумеков Дмитрий Николаевич, «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ.

Жетекші орындаушылардың зерттеу нәтижелері бойынша мақалаларды жариялауы туралы ақпарат

Мақалалар:

1. «Сегменттелген еңбек нарығы: біліктілікке сұраныстың циклдік икемділігі» «ҚР Ұлттық Банкінің экономикалық шолуы» (№3/4 шығарылымы, 2022) мерзімді басылымында

<https://nationalbank.kz/file/download/89932>

<https://nationalbank.kz/file/download/89931>

2. «Қазақстан Республикасындағы халықты жұмыспен қамту: даму құрылымы мен векторы» Ресей Федерациясы Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігінің Бүкілресейлік Еңбек ғылыми-зерттеу институтының «Әлеуметтік-еңбек зерттеулері» журналында (№4 (49), 2022) жарияланды

<https://vcot.info/assets/img/magazine/issues/2022/49.pdf>